

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 3 (2022)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/DIFL9621>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Ксембаева С. К., *к.п.н., доцент*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,

д.п.н., профессор

Жуматаева Е.,

д.п.н., профессор

Абибулаева А. Б.

д.п.н., профессор

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Кудышева А. А.,

к.п.н., ассоц. профессор

Оспанова Н. Н.,

к.п.н., доцент

Оралканова И. А.,

доктор PhD

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***М. У. Тусеев¹, Ж. З. Торыбаева², В. С. Собкин³**

^{1,2}Қ. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

³РБА жанындағы Білім беруді Басқару институты,
Ресей Федерациясы, Мәскеу қ.

БІЛІМДІК ОРТАНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ – МАҢЫЗДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

Бұл мақалада білімдік ортада салауатты тұлғаны дамытудың негізгі шарттарының бірі болып табылатын - психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді қарастырады. Білімдік орта мен психологиялық қауіпсіздік ұғымына сипаттама берген ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдау жасалынып, педагогикадағы білім беру ортасының қауіпсіздігін және оның қорғаныс қызметін арттырудың жолдары үлгіленеді. Педагогикадағы білім беру ортасының қауіпсіздігі, оның балалардың психологиялық саулығын қамтамасыз етуге әсері мен білім беру ортасы жағдайларын жетілдірудің теориялық және практикалық мәселелері талқыланады. Келтірілген негіздемелерді жүйелей келе, мектептің білімдік ортасының негізгі психологиялық параметрі ретінде тұлғаның психикалық саулығы үшін зиянды, психологиялық күш көрсету категориясы арақатынасын белгілей отырып, оның қауіпсіздігінің сипаттамасы ұсынылады. Білім беру қауіпсіздігі - бұл педагогикалық, әлеуметтік және психологиялық жағдайларды арттыру болып саналады. Мектептің білім беру ортасындағы психологиялық қауіпсіздік-психологиялық салауатты тұлға дамуына ықпал ететін шарт болып табылады. Психологиялық білімді мектеп тәжірибесіне қолдану мен психологиялық көмек көрсету жоғары кәсіби дайындықты, білімділікті талап етеді. Мектептің білімдік ортасының психологиялық қауіпсіздігі мәселесіне байланысты бірқатар тұғырларды, педагогикалық-психологиялық технологияларды орынды қолдану «өте күрделі өнімді» - психологиялық сау тұлғаны жасап шығаруға толық негіз бар екендігі баяндалады.

Кілтті сөздер: білімдік орта, қауіпсіздік, денсаулық, оқушылар, психологиялық қауіпсіздік.

Кіріспе

Қоғамның ең бірінші байлығы – адам. Онтогенездің алғашқы сәтінен-ақ адамзаттың дамуына білім саласы көп күш жұмсайды. Осындай өзекті мәселелердің бірінде адамдарды қалай психологиялық жақтан аман сақтап қалу сұрақтары тұр. Білім беру қауіпсіздігі – бұл әлеуметтік және психологиялық жағдайларды арттыру болып саналады.

Психологиялық қауіпсіздік психологиялық салауатты тұлға дамуына ықпал ететін шарт болып табылады. Психологиялық білімді мектеп тәжірибесіне қолдану мен психологиялық көмек көрсету жоғары кәсіби дайындықты, білімділікті талап етеді.

Білімдік ортаның психологиялық сипаттамасы адамның ішкі табиғаты толыққанды ашылуы үшін қажетті шарттар анықталмаған жағдайда толық болмайды. Біз осы шарттардың жиынтығы «психологиялық қауіпсіздік» ұғымымен анықталуы мүмкін деген ойдамыз.

Материалдар мен әдістер

Білім беру ортасының қауіпсіздігі мен балалардың психологиялық саулығына әсері – соңғы онжылдықта білім беру проблемаларын талқылау мен зерттеу кезінде кеңінен қолданып келе жатқан ұғым. Десекте, алғашқы зерттеу кезеңде аталмыш мәселе бойынша материалдар жинақтап, жүйеге келтіру болды.

Сонымен, ғылыми, оқу, әдістемелік еңбектерге жүргізілген талдаулар барысында «орта» айнала ретінде, адамды қоршаған жағдайлар мен ықпалдардың жиынтығы ретінде, сонымен бірге бұл жағдайлармен байланыстырылған адамдар қауымы белгіленеді» [1]. Ал, Уикипедияда болса «адамдар тартылған қоғамдық қарым-қатынастармен тұрақты байланыста болатын олардың қалыптасуы, тіршілік етуі, дамуы және іс-әрекеттерінің қоғамдық (материалдық және рухани) жағдайларын қамтитын адамның қоршаған әлеуметтік әлемі (социум)» [2].

Л. И. Божович ортаны «даму жылдамдығын, жаңа сапалы құрылымдардың пайда болуын қамтитын, дамудың ішкі және сырттай жағдайларының ерекше бірігуі» деп анықтады [3]. Әйгілі психологтың пайымы бойынша ортаға қосылған баланың уайымдарының, оның көзқарасын, ортаға деген қатынасын зерделеу өте маңызды. Кез-келген әлеуметтік-кеңістік шеңберінде жеке тұлғаның даму процесінің іске асырылуы білім беру ортасы болып табылады [3].

«Білім беру ортасын әлеуметтік-мәдени ортаның шағын жүйесі ретінде, тарихи қалыптасқан факторлардың, жағдайлардың, шарттардың жиынтығы ретінде жеке тұлғаны дамытудың арнайы ұйымдастырылған педагогикалық шарттарының тұтастығы ретінде қарастыруға болады»[4]. Қазіргі кездегі

ғылыми әдебиеттерде «білім беру ортасы» ұғымы баланың жетілуін сипаттайтын маңызды педагогикалық-психологиялық категория ретінде қарастырылады, яғни бұл оның мақсат пен міндеттерін және негізгі қызметін анықтайды. Осыған байланысты, «білім беру ортасы оқушы тұлғасын дамуына ықпал ететін шарттар жиынтығы, яғни әлеуметтік-мәдени-кеңістік ортаға тән мүмкіндіктер жүйесі», дейді В. А. Ясвин [5]. Ал, В. В. Рубцов өз зерттеуінде «білім беру ортасы» түсінігін жас ерекшелігіне байланысты қауымдастық ретінде қарастырып, оның құрамдас компоненттеріне: а) баланың ересектермен және басқа балалармен өзара байланысы; б) өзара түсінісу, коммуникациялар, рефлексия процестері; в) тарихи-мәдени компонентін ұсынды [6].

Десекте кез келген жүйенің тұрақтылығы мен дамуының алғышарты ол оның қауіпсіздігі. Яғни, қауіпсіздік мәселесі кілттік, шешуші мәнге ие болады. Сонымен зерделеу барысында аталмыш мәселені әртүрлі тұрғыдан қарастыруға, жүргізілген талдау мәселенің ауқымын анықтауға және тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді.

Тәжірибелік-зерттеу жұмыстарының мақсаты мен қойылған міндеттеріне сәйкес мәселені шешуде мынадай зерттеу әдістерді пайдаландық: бақылау, әңгімелесу, сауалнама жүргізу (болашақ педагог-психологтардың аталмыш мәселе тұрғысынан дайындығының нақты жай-күйін айқындау үшін); тестілеу; педагогикалық модельдеу; эксперимент; тәжірибелік-эксперименттік жұмыс қорытындылары бойынша сараптама жасау, математикалық, статистикалық әдістер.

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі уақытта ғылымда қауіпсіздікті түсіндіруге және оны құруға байланысты философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық, құқықтық, кибернетикалық, және т.б. тұғырлар бар. Олардың барлығы үшін ортақ тұжырым: қауіпсіздік- ол әлеуметтік, экономикалық, техникалық, экологиялық және биологиялық жүйелердің қызмет етуі мен дамуы сипаттамалары мен өлшемдерінің бірі екендігі болып табылады.

Мектеп – жан-жақты қамтылған психологиялық қауіпсіздіктің жалпы теориясына негізделе отырып, өзінің жергілікті (жеке) қауіпсіздік жүйесін құра алатын, аталмыш үдеріске тікелей атсалысатын, қоғамда кеңінен таралған әлеуметтік институттардың бірі болып табылады.

«Қауіпсіздік – әлеуетті құрбандар мен олардың қауіптерін қамтитын жүйенің қасиеті. Ол құрбанның төзімділігімен, тұрақтылығымен, өміршендігімен және оның келесі әдістерді пайдалануымен қамтамасыз етіледі: қашу, қауіп-қатер көздері мен сын-қатерлерді жою немесе қорғалу. Сондықтан мектептегі білім беру ортасы ең бастысы ол білім алушылардың

өмірлік маңызды қажеттіліктері мен мүдделерін ішкі және сыртқы қатерлерден қорғау, яғни қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады» [7].

Оқушылары тым артық сыныптар, ондағы мақсаттануды сақтау қиындығы және оқушылардың басым көпшілігіне мұғалімнің назар аударуға үлгермеуі; қатаң тәртіп болу кезінде педагогтар қамқорлығының жетіспеуі; қатарластары және (немесе) оқытушылар тарапынан оқушыға деген бөтен пиғылысыз қатынасы мен оқшаулау; тұлғааралық қатынастардағы ширығулық және талаптарға сай келмеу – білім беру ортасының (соның ішінде, оқу орындарының) қауіпсіз болу қабілетін төмендететін сипаттамалар болып табылады. Ал мамыражай атмосфера; оқушылар жұмысынан бөтен ойсыз жоғары нәтижелер күту, оқушыларды бағалаудың бірдей тәсілдері; білім беру ортасы мен оқыту процесіне тартылудың, сондай-ақ ата-аналар тартылуының жоғары деңгейі; өзара іс-қимылдың әлеуметтік дағдыларына оқыту сияқты сипаттамалар білім беру ортасының қауіпсіздігін және оның қорғаныс қызметін арттырады, – деп келтіреді З. М. Балғымбаева, Н. С. Ахтаева [1, б. 10–11].

Қауіпсіз психологиялық шарттар деп нені түсіну қажет? Анықтама сөздіктерде «қауіпсіз» ұғымына мынадай түсініктеме береді: «қауіп төндірмейтін, берік қорғалған, зиян келтірмейтін» [8, б. 79]. Психологиялық зерттеулерде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтерінде, стресстен қорғайтын және психикалық ауытқулардың алдын алатын қауіпсіздік факторлары жеткіліксіз қарастырылған, сонымен қатар адам тұлғасы дамуындағы психологиялық қорғаныстың рөліне үлкен назар аударылады [9;10].

Оқушының тұлға болып қалыптасуына өзінен үлкендермен (мұғалімдер), өз қатарларымен (сыныптастары), әрекеттің жаңа түрлері (оқу арқылы), ұжымның (бүкіл мектеп, сынып) қарым-қатынасы әсер етеді. Оларда әлеуметтік сезімдер элементтері қоғамдық мінез-құлық (ұжымшылдық, өз әрекетіне жауапкершілік, жолдастық, қамқорлық, т.с.с.) дағдылары қалыптасады. Төменгі сынып оқушыларына адамгершілік саналар мен тұлғаның оң қасиеттерін қалыптастыру мүмкіндігі зор. Оқушылардың тез икемделгіштігі, сезгіштігі, еліктеуге құмарлығын мұғалім беделіне сүйене отырып, жоғары адамгершілікті тұлғаны қалыптастыруға болады. Адами мінез-құлық негізі бастауыш сыныпта қалыптасады, оның тұлғаны әлеуметтендіруде маңызы зор. Дәл осы кезеңде оқушы денсаулығының негізі мен салауатты өмір сүру нормаларының принциптеріне деген сұранысы қалыптасады.

Психологиялық қауіпсіздік орта - бұл білім процесінің субъектілерінің өзара әрекетесуіне түрткі болатын, еркін, жеке-сенімді қарым-қатынас

қажеттілігін қанағаттандыруға ықпал ету арқылы психикалық саулығын арттыратын референттік маңыздылығы бар білім беру ортасы.

Сонымен жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін талдау барысында мектептегі білім беру ортасындағы орын алатын қауіп-қатерлерді айқындауға мүмкіндік берді: оқушылардың негізгі қажеттіліктерінің қанағаттанбауы, психологиялық зорлық-зомбылық, сондай-ақ оқушылар үшін ортаның референттік маңызының болмауы.

Педагогикалық-психологиялық теория мен озат тәжірибені зерделеу барысында жалпы білім беретін мектеп жағдайында психологиялық қауіпсіз ортаның құрудың негізгі шарттары анықталды: білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету технологияларын құру және енгізу; мектептегі психологиялық қауіпсіз ортаны құрудың екінші шарты ретінде: мектептегі білім субъектілер арасындағы қатынастар гуманистік парадигма негізінде болуы тиіс.

Мектеп жағдайындағы білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оған төнетін қауіптерді алдын алу, жою (түзету) бойынша кешенді жұмыстардың ұйымдастырылып жүргізілуі.

Жалпы білім беретін мектепте психологиялық қауіпсіз ортасын қамтамасыз ету мақсатында педагогикалық-психологиялық қолдау қызметін ұйымдастыруды қажет етеді. Ол үшін білім беру мекемесінде педагогикалық-психологиялық қолдау қызметінің мазмұндалған аспектілері айқындалып, кешенді түрде жүзеге асыру жолдары нақтылануы тиіс.

Психологиялық қауіпсіз білім беру ортасын құру-бұл білім беру ортасының барлық субъектілерінің жалпы мақсаты. Олай болса, мектептегі психологиялық қауіпсіздік ортасын қалыптастыру мақсатында ата-аналармен арнайы бағыттыр бойынша жұмыс жүргізу тиіс: психологиялық білімін жетілдіру, психологиялық кеңес беру, алдын алу мен түзету жұмыстары. Осы жұмыстардың барлығына мектептің психологиялық-педагогикалық қызмет басшылық жасайды, көмектеседі, тиісті ұйымдармен бірігіп іске асыруды қамтамасыз етеді.

Бұл жағдайда психологиялық диагностика жеке тұлғаның нормативтік психикалық дамуының ерекшеліктерін ғана емес, сонымен қатар білім беру ортасының барлық субъектілерінің (оқу-тәрбие процесінің) психологиялық қауіпсіздігін анықтауға бағытталуы тиіс.

Педагог-психологтың мектептегі психологиялық қауіпсіз ортаны қалыптастыруда кәсіптік стандартында сәйкес келесі қызметтер атқарады: мектептегі білім беру ортаның жағдайын диагностикалау негізінде жағдайын анықтау; білім беру ортасының жайлылығы мен қауіпсіздігін психологиялық сараптау (бағалау); білім беру субъектілеріне психологиялық кеңес беру;

ата-аналар мен мұғалімдермен психологиялық ағарту және білімін жетілдіру бойынша, сонымен оқушылармен түзетуші-дамытушылық жұмыстарды атқарады.

Қорытынды

Қорыта келгенде, жалпы білім беретін мектептегі психологиялық қауіпсіз ортасы білім субъектілерінің тұлғалық қажеттіліктеріне сәйкестендіріліп, рухани, дені сау, үйлесімді жеке тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететін жүйе ретінде құрылуы тиіс; мектепте психологиялық қауіпсіз ортасын қамтамасыз ету мақсатында педагогикалық-психологиялық қолдау қызметін жүйелік түрде ұйымдастырылуы тиіс деп тұжырымдаймыз.

Зерделенген мәселенің өзектілігі мектеп ортасының психологиялық қауіпсіздігін құруға ықпал ететін және олардың психикалық денсаулығын қамтамасыз ететін білім беру процесіне қатысушыларды психологиялық сүйемелдеу технологияларын кең қолдану қажет деп санаймыз, яғни кең тәжірибеде әдістемелік қолдау бағыты бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Мектептегі ортада психологиялық зорлық-зомбылық жағдайларын, әсіресе оқушылар арасындағы соңғы кезде кең өріс алған буллинг, кибербуллинг, моббингті болдырмау үшін: оқушылар, мұғалімдер мен ата-аналарға арнайы семинар-тренингтер ұйымдастырып жүргізу қажет; мектеп субъектілеріне арналған өзара әрекеттесу ережелерін әзірлеу және талқылау; сол ережелерге сәйкес қарым-қатынастарды үйлестіру; мектеп ұжымында шиеленістерді алдын алу; тұлғалық пен кәсіби «жану», стрессті төмендету үшін педагогикалық-психологиялық қолдау қызметін жандандыру қажет деп есептейміз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Балғымбаева, З. М., Ахтаева, Н. С.** Білім берудегі практикалық психология: оқу құралы. – Алматы : Қазақ университеті, 2013. – 250 б.

2 Әлеуметтік орта – Уикипедия [Электронный ресурс]. – https://kk.m.wikipedia.org/wiki/%D3%98%D0%BB%D0%B5%D1%83%D0%BC%D0%B5%D1%82%D1%82%D1%96%D0%BA_%D0%BE%D1%80%D1%82%D0%B

3 **Бекембетова, Л. И., Архабаева, Б. Д.** «Білім беру ортасы» түсінігінің мазмұны. [Электронный ресурс]. – http://www.rusnauka.com/7_NITSB_2014/Pedagogica/6_162042.doc.htm

4 **Шерьязданова, Х. Т., Абеуова, И. А., Ныгметова, К. Н.** Психопедагогика здоровья: Учебное пособие. – Алматы : ТОО «Типография Комплекс», 2006. – 280 с.

5 **Ясвин, В. А.** Образовательная среда: от моделирования к проектированию: монография – М. : Смысл, 2001. – 365 с.

6 **Рубцов, В. В., Улановская, И. М.** Технология оценки образовательной среды школы. Учебно-методическое пособие для школьных психологов. – М. : Психологический ин-т РАО, 2010. – 256 с.

7 **Зайцев, М. С., Мальцев, В. П.** Методологические аспекты образовательной деятельности по основам безопасности жизнедеятельности школьников// Инновационная наука. – Уфа, 2017. – № 2. – С. 172–174.

8 **Старшенбаум, Г. В.** Энциклопедия начинающего психолога. – Ростов-на-Дону : Феникс, 2016. – 346 с.

9 **Киршбаум, Э. И., Еремеева, А. И.** Психологическая защита. – М. : Генезис, 2000. – 181 с.

10 **Сухов, А. Н.** Социальная психология безопасности: Учебное пособие. – М. : Смысл, 2002. – 256 с.

REFERENCES

1 **Balgymbaeva, Z. M., Akhtaeva, N. S.** Bilim berýdegi praktikalýq psihologia [Balgimbaeva, Z.M, Akhtaeva, N.S. Practical psychology in education/ a tutorial] – Almaty : «Khazak universiteti». 2013. – 250p.

2 **Áleýmettik orta-Ýikipedia /Social environment - Wikipedia/** [Electronic resource]. – https://kk.m.wikipedia.org/wiki/%D3%98%D0%BB%D0%B5%D1%83%D0%BC%D0%B5%D1%82%D1%82%D1%96%D0%BA_%D0%BE%D1%80%D1%82%D0%0

3 **Bekembetova, L. I., Arhabaeva, B. D.** «Bilim berý ortasy» túsiginini mazmuny [Bekembetova, L. I., Arhabaeva, B. D. The content of the concept of»EducationalCenter«] Electronic resource]. – http://www.rusnauka.com/7_NITSB_2014/Pedagogica/6_162042.doc.htm

4 **Sheriazdanova, H. T., Abeýova, I. A., Nyýmetova, K. N.** Psihopedagogika zdorová [Sheriazdanova H. T., Abeýova I. A., Nyýmetova K. N. Psychopedagogy of health] a tutorial. – Almaty, 2006. – 280 p.

5 **Yasvin, V. A.** Bilim berý ortasy: modeldeýden dizainǵa derin [Yasvin, V.A. Educational environment: from modeling to design] monograph. – М. : Мағынасы, 2001. – 365 p.

6 **Rýbtsov, V. V., Ýlanovskaya, I. M.** Mekteptiń bilim berý ortasyn baǵalaý tehnologiasy [Technology for assessing the school's educational environment : tutorial]. – Moscow : Psihologicheskii in-t RAO, 2010. – 256 p.

7 **Zaisev, M. S., Malsev, V. P.** Oqýshylardyń tirshilik áreketiniń qaýypsizdik negizderi boyynsha bilim berý qyzmetiniń ádisnamalyq aspektileri [Zaisev, M. S., Malsev, V. P. Methodological aspects of educational activities on the basics of life safety of schoolchildren]. – Inovasiyalyq ǵylym. – Ýfa, 2017. – № 2. – P. 172–174.

8 **Starshenbaým, G. V.** Ensiklopedia nashinayushhego psikhologa [Starshenbaum, G. B. Encyclopedia of the beginning psychologist] – Rostov-na-Doný : Feniks, 2016. – 346 p.

9 **Kirshbaum, E. I., Ereemeeva, A. I.** Psikhologicheskaya zachita [Kirshbaum, E. I., Ereemeeva, A. I. Psychological protection : monograph]. – Moscow : Genezes, 2000. – 181p.

10 **Sýhov, A. N.** Sosialnaya psikhologia bezopasnosti [Sukhov, A.N. Social psychology of security : tutorial]. – Moscow : Maǵynasy, 2002. – 256 p.

Материал 14.09.22 баспаға түсті.

*М. У. Тусеев¹, Дж. З. Торыбаева², В. С. Собкин³

^{1,2}Международный Казахско-Турецкий университет имени Х. А. Ясави, Республика Казахстан, г. Туркестан;

³Институт Управления образованием РАО, Российская Федерация, г. Москва.

Материал поступил в редакцию 14.09.22.

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ КАК ВАЖНАЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА

В данной статье рассматриваются вопросы, касающиеся обеспечения психологической безопасности как одного из основных условий развития здоровой личности в образовательной среде. Всесторонний анализ работ ученых, описывающих концепции образовательной среды и психологической безопасности, моделирует пути повышения безопасности образовательной среды и ее защитной функции в педагогике. Рассматриваются теоретические и практические вопросы безопасности образовательной среды в педагогике, ее влияние на психологическое здоровье детей и улучшение условий образовательной среды. Систематизируя вышеперечисленные выводы, дается характеристика безопасности

человека, устанавливающая соотношение категории психологического насилия, вредного для психического здоровья человека, как основного психологического параметра школьной образовательной среды. Образовательная безопасность - это улучшение педагогических, социальных и психологических условий. Психологическая безопасность в образовательной среде школы – это условие, способствующее развитию психологически здорового человека. Применение психологических знаний в школьной практике и оказание психологической помощи требует высокой профессиональной подготовки и образования. В связи с проблемой психологической безопасности образовательной среды школы констатируется, что правильное использование ряда платформ, педагогических и психологических технологий имеет все основания для создания «очень сложного продукта» – психологически здорового человека.

Ключевые слова: образовательная среда, безопасность, здоровье, учащиеся, психологическая безопасность.

*M. U. Tuseev¹, J. Z. Torybayeva², V. S. Sobkin³

^{1,2}Khoja Ahmet Yasawi International Kazakh-Turkish University,
Republic of Kazakhstan, Turkestan;

³Institute of Education Management RAE,
Russian Federation, Moscow.

Material received on 14.09.22.

SAFETY OF THE PSYCHOLOGICAL EDUCATIONAL ENVIRONMENT AS AN IMPORTANT PEDAGOGICAL PROBLEM

In this article the author investigates the issues related to provision psychological safety as one of the main conditions for the development of a healthy personality in the educational environment. A comprehensive analysis of the works of scientists describing the concepts of the educational environment and psychological safety, simulates ways to improve the safety of the educational environment and its protective function in pedagogy. The theoretical and practical issues of the safety of the educational environment in pedagogy, its influence on the psychological health of children and the improvement of the conditions of the educational environment are considered. Systematizing the above conclusions, a characteristic of human security is given, which establishes the relationship between the category of psychological violence, harmful to human mental

health, as the main psychological parameter of the school educational environment. Educational security is about improving pedagogical, social and psychological conditions. Psychological safety in the educational environment of a school is a condition that contributes to the development of a psychologically healthy person. The application of psychological knowledge in school practice and the provision of psychological assistance requires high professional training and education. In connection with the problem of the psychological safety of the educational environment of the school, it is stated that the correct use of a number of platforms, pedagogical and psychological technologies has every reason to create a «very complex product» – a psychologically healthy person.

Keywords: educational environment, safety, health, pupils, psychological safety.

Теруге 14.09.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,23 Mb RAM

Шартты баспа табағы 24,6.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Т. Оразалинова

Тапсырыс № 3976

Сдано в набор 14.09.2022 г. Подписано в печать 30.09.2022 г.

Электронное издание

3,23 Mb RAM

Усл.п.л. 24,6. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. Оразалинова

Заказ № 3976

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz